

Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы кеңесінің хаттамасымен бекітіледі

**Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана)  
Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің  
ҮЛГІ ЕРЕЖЕСІ**

**1.Жалпы ережелер**

1.Облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2.Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

3.Кеңес құрамы Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, сондай-ақ бақа да ұйымдар өкілдері қатарынан облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы кеңісімен қалыптастырылады.

**2.Кеңестің міндеттері мен функциялары**

4.Кеңестің негізгі міндеттері отбасы және ана институттарын нығайту арқылы қоғамдық келісім мен ел бірлігін қамтамасыз етудегі Қазақстан халқы Ассамблеясы мақсаттарын іске асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды тарату жөнінде шараларды жүзеге асыру болып табылады.

5.Кеңес келесі міндеттерді орындайды

1)Қазақстан халқы Ассамблеясы, мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдар үшін отбасы және ана институтын нығайту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

2)қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени

- бірегейлігін қалыптастыру және тәрбиелеу жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру;
- 3) этносаралық келісімді, толерантты қарым-қатынасты насихаттау, ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайту және сақтау;
- 4) ата-аналардың дені сау, рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға жәрдемдесу;
- 5) жалғызбасты және көпбалалы аналарға әлеуметтік мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсету;
- 6) жастар арасындағы қоғамға жат мінез құлықтың алдын алу, оларды мейірімділікке, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу;
- 7) Қазақстан халқы Ассамблеясының, азаматтық қоғам институттарының және басқа да ұйымдардың отбасы мен ананың оң бейнесін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық бастамаларын, әлеуметтік жобаларын қолдау және дамыту;
- 8) отбасы құндылықтарын және қоғамдағы отбасының оң имиджін насихаттауға, сондай-ақ осы бағыттағы іс-шараларды іске асыруға қатысу; отбасылық жарасымдылық пен ата-аналардың жетістігін тарату;
- 9) Кеңестің негізі міндеттері мен функцияларын іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау.

### **3. Кеңестің өкілеттіктері**

6. Мемлекеттік комиссия өз құзыреті шегінде:
- 1) мемлекеттік органдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға;
- 2) Кеңес отырыстарында Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тыңдауға;
- 3) Кеңес құзыретін іске асыру мақсатында шешімдер қабылдауға құқылы.
- Кеңес шешімі ұсынымдық сипатқа ие.

### **4. Кеңес қызметін ұйымдастыру**

7. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес өткізіледі.
8. Кеңес отырыстары Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан кезде заңды болады.
9. Кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Кеңес мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.
10. Кеңес отырыстарына Кеңес мүшесі болып табылмайтын лауазымды адамдар, сондай-ақ қоғамдық

ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің, Қазақстан халқы Ассамблеясының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

11. Кеңес төрағасы және оның орынбасары, сондай-ақ Кеңес хатшысы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы кеңесімен анықталады.

Кеңес төрағасы:

1) Кеңес қызметін басқарады және оның отырыстарына төрағалық етеді;

2) күн тәртібін айқындайды және Кеңес отырыстарының хаттамасына қол қояды.

12. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін төраға орынбасары атқарады.

13. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес Мүшелеріне отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды;

2) Кеңес отырыстарына материалдар дайындауды ұйымдастырады;

3) Кеңес отырыстарының хаттамасын рәсімдейді;

4) Кеңес төрағасына қабылданған шешімдерді орындау бойынша атқарылған жұмыс туралы оның мүшелері дайындаған есепті ұсынады;

5) Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша басқа да функцияларды жүзеге асырады.

14. Кеңестің жұмыс органы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығы болып табылады, ол Кеңестің жұмыс органы құзіретін облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан халқы ассамблеясы қызметін қамтамасыз етуші басқа ұйымға беруі мүмкін.

Кеңестің жұмыс органы:

1) Кеңес қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) Кеңес құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізеді;

3) Кеңес қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.